

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Бірғыз ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 105 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 09 қазанда № 4535 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Бірғыз ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 167 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Бірғыз ауылдық округі әкімінің 25.12.2015 № 167 шешімімен (қол қойылған күннен бастап күшіне енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Бірғыз аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 17-02/281 ұсынысының негізінде, Бірғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бірғыз ауылдық округінің Ақши ауылының аумағында ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бірғыз ауылдық округі әкімінің орынбасары М. Нұрпейіске жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Бірғыз ауылдық округінің әкімі

А. САРИН